



Үшінші деңгей – жеке басқарушылар, сақтандыру компаниялары және т. б. басқаратын салықтық жеңілдіктері бар ерікті жинақтар.

Екінші деңгей – 1993 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қос жүйе. Қатысушылар не мемлекеттік сектор басқарушысы басқаратын төлемдері белгіленген мемлекеттік тарату жүйесін (PAYG DB) (RPM) не зейнетақы жоспарын жеке басқарушылар (AFP) басқаратын жеке дербес қаржыландырылатын жүйені (DC) (RAIS) таңдай алады.

Бірінші деңгейде жарналар қарастырылмаған және ең кедей азаматтарға бағытталған және жалпы салықтар есебінен қаржыландырылады (Colombia Mayor). Зейнетақы мөлшері – 80 мың песо немесе 21,1 АҚШ доллары.

62 зейнет жасы
ерлер үшін

57 зейнет жасы
әйелдер үшін

КОЛУМБИЯНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙІ 23,7 миллион қатысушы (2020)

Зейнетақы жүйесінің міндетті екінші деңгейі салымшының таңдауына 5 жылда 1 реттен жиі емес, бірақ зейнетке шығардан 10 жыл бұрыннан кешіктірмей бірінен екіншісіне ауысу құқығымен екі компонент ұсынады. Қаржы инспекциясы екі жүйені де жалпы қадағалауды қамтамасыз етеді.

Төлемдері белгіленген мемлекеттік тарату жүйесі (PAYG DB)

- ✓ Мемлекеттік басқарушы басқарады (Colpensiones)
- ✓ Жарна мөлшері – жалақыдан 16% (жұмыс беруші есебінен 12% және қызметкер есебінен 4%), оның ішінде: 13% - жалпы қорға, 3% - комиссия
- ✓ Зейнетақы құқығын алуға қойылатын талаптар: 1300 апта (25 жыл) жарна аудару
- ✓ Зейнетақыны есептеу базасы: соңғы 10 жылдағы орташа жалақы
- ✓ Зейнетақы мөлшері: ОАЖ-дан 55-65% + 1300-ден асатын әрбір 50 апта үшін 1,5%, ең жоғарғысы ОАЖ-дан 80%-ға дейін, бірақ 25 ЕТЖ-ден артық емес және 1 ЕТЖ-ден кем емес
- ✓ Жыл сайын индекстеу: инфляция бойынша
- ✓ Егер зейнетақы алу құқығы жеткіліксіз болса, зейнеткерге инфляцияны ескере отырып, жарналарға сәйкес келетін “алмастырушы өтемақы” тағайындалады
- ✓ 6,8 млн қатысушы (29%), оның ішінде 44% белсенді

Жеке дербес қаржыландырылатын жүйе (FF DC)

- ✓ Қатысушының таңдауы бойынша зейнетақы жоспарын жеке басқарушылар (AFP) басқарады*
- ✓ Жарна мөлшері – жалақыдан 16% (жұмыс беруші есебінен 12% және қызметкер есебінен 4%), оның ішінде: 11,5% - ЖЗШ-ға, 3% - мүгедектік және асыраушысынан айрылу бойынша сақтандыруға және комиссияға, 1,5% - ең төменгі зейнетақыға кепілдік беру қорына (ТЗКҚ)
- ✓ Зейнетақы құқығын алуға қойылатын талаптар: 1150 апта (22 жыл) жарна аудару немесе ЕТЖ-ден жоғары зейнетақы алу үшін жеткілікті жинақталған капитал
- ✓ Егер жеке тұлға 1150 апта ішінде жарна төлеу талабын сақтамаса, қатысушының шотындағы қалдық қайтарылады.
- ✓ Егер жеке тұлға 1150 апта ішінде жарна төлеу талабын сақтамаса, қатысушының шотындағы қалдық қайтарылады.

* 2020 ж. қыркүйектегі жағдай бойынша 83.13 млрд USD ЗЖ бар 4 AFP ашылды

КОЛУМБИЯНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ

Ең төменгі зейнетақыға кепілдік беру қоры (ТЗКҚ)

Міндетті зейнетақы жарналарының 16% мөлшерлемесінің 1,5%-ы ТЗКҚ-ға жіберіледі. ТЗКҚ қаражатын әр AFP жеке шотта есепке алады.

Салымшылардың зейнетақы жинақтары **1 ЕТЖ*** мөлшерінде өмір бойғы ең төменгі зейнетақыны қаржыландыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, оларға ТЗКҚ-дан үстеме төлем жүргізіледі. Жеке ТЗКҚ-дан төлемдер кемінде 22 жыл жеке ЖЗЖ-ға қатысу (жарналарды төлеу) өтілі бар салымшыларға ғана жасалады.

Ортақ зейнетақы қоры (ОЗҚ)

Қатысушы ОЗҚ-ға 4 еселенген ЕТЖ мөлшерінен жоғары жалақыдан 1% (4% үстінен) және 16 еселенген ЕТЖ мөлшерінен асатын ЕТЖ-ден 0,2%-дан 1%-ға дейін қосымша жарна аударды. Қатысушылардың жарналарымен қатар ОЗҚ мемлекеттік бюджеттен аржыландырылады.

ОЗҚ табысы төмен қызметкерлердің, кедейлердің немесе әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне басқаша қатыса алмайтын өте кедей жағдайда өмір сүретін адамдардың зейнетақысын қаржыландырады.

! Статистика (2022 ж.): зейнетақы алатын халықтың 60%-ы жарналарды аудару кезеңі бойынша талапқа сәйкес келеді (22 жыл), бірақ ЕТЖ-ге тең зейнетақыны қаржыландыру үшін жеткілікті теңгерімді жинақтамайды, сондықтан олар ТЗКҚ-дан көмек алады.

Қосымша BEPS бағдарламасы: Colpensiones зейнетақы талаптарына сай келмейтіндерге жалпы зейнетақы жүйесінен тәуелсіз мерзімді экономикалық жәрдемақы (BEPS) береді. Бұл BEPS ерікті жинақ шотының қалдықтарына зейнетақы жүйесінде жинақталған жинақтарды толықтыруға мүмкіндік береді. Үкімет осы бағдарлама үшін 20% субсидия ұсынады.

*2020 жылғы қарашадағы жағдай бойынша US\$ 243

КОЛУМБИЯНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ

AFP 1 Қатысушылар өз қалауынша зейнетақы жоспарын жеке басқарушыны таңдай алады, сондай-ақ жинақтарды бір AFP-ден екіншісіне (әр 6 ай сайын) аудара алады.

AFP 2 AFP жарналар жинауды, активтерді басқаруды және төлемдерді басқаруды жүзеге асырады. Сонымен қатар, AFP жарналар жинауды басқа ұйымдарға сеніп тапсыра алады. Колумбияда бірқатар банктер мен басқа қаржы мекемелері AFP атынан жарна жинау және зейнетақы төлеу агенттері ретінде әрекет етеді.

AFP 3

AFP n...

2011 жылдан бастап жеке зейнетақы жүйесінің аясында мультипортфельдік жүйе жұмыс істей бастады: тәуекел профиліне және өмірлік циклге сәйкес үш портфель.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТӨЛЕУ

Төлемдер қатысушының жеке шотында жинақталған сомаға негізделген. Алушылар зейнетақы төлеудің мынадай нұсқаларын таңдай алады:

- ✓ **Кесте бойынша** (AFP-ға ЖЗШ-дан зейнетақыны мерзімді төлеу)
- ✓ **Аннуитет** (жинақтарды өмірді сақтандыру компаниясына аудару)
- ✓ **Өмір бойғы аннуитетті кейінге қалдырып, кесте бойынша** (жинақтардың бір бөлігі ӨСК-ге аударылады, екінші бөлігі аннуитет басталғанға дейін AFP-дан төленеді)
- ✓ **ӨСК-де кейінге қалдырылған өмір бойғы аннуитетпен белгілі бір уақытша табыс** (аннуитет басталғанға дейінгі уақытша төлемдер)
- ✓ **Кейінге қалдырылған өмір бойғы аннуитетпен ауыспалы уақытша табыс** (кейінге қалдырылған өмір бойғы аннуитетпен ауыспалы уақытша табыс)
- ✓ **Дереу өмір бойғы аннуитетпен ауыспалы уақытша табыс** (ӨСК дереу өмір бойғы аннуитет төлейді және қаражаттың бір бөлігі AFP-мен келісілген кезең ішінде уақытша зейнетақы төлеу үшін AFP-да қалады).

